

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ МҰҒАЛЖАР АУДАНЫ
«Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ» КМММ

«Бекітемін»

Мектеп директоры:



А.Ж.Достанова

Мемлекеттік аттестаттау шеңберіндегі
«Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ» КММ
қызметінің өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша есебі

Ембі қаласы

«Ақтөбе облысының білім басқармасының Мұғалжар аудандық білім бөлімі» ММ

Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы

Ембі қаласы

25 .09.2024ж

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы», «Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар № 7ЖББОМ» КММ-нің кезектен тыс 2024ж.05.09 күнгі педагогикалық кеңес шешімі 2024 ж 05.09 күнгі № 131/1 н/қ бұйрығының негізінде 05.09-25.09 аралығында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып өткізілді. Өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізуде 2024 ж 05.09 № 131/1-н/қ бұйрығымен бекітілген комиссиясымен келесі құрамда өткізілді.

1	Достанова Асель Жангельдиевна	Мектеп директоры, комиссия төрағасы
2	Ильясова Асель Алиевна	директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
3	Дүйсенғалиева Таңшолпан Құмарқызы	директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, математика пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі
4	Жулаева Шатгуль Бахытовна	директордың оқу-әдістемелік жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
5	Қаржаубай Мөлдір Серікқызы	Қосымша білім беру педагогы», комиссия мүшесі,
6	Кабылбаева Китабия Жеткергеновна	Ағылшын тілі пәні мұғалімі, комиссия мүшесі
7	Демесинова Гулзира Гарифуллаевна	бастауыш класс мұғалімі, комиссия мүшесі
8	Саукебаева Лаура Аманжоловна	Мектеп психологы, комиссия мүшесі
9	Шалабаева Мейрамхат Фазылбековна	Кәсіподақ төрайымы, комиссия мүшесі
10	Балымбетов Садуақас Шайқыұлы	Мектеп директорының шарушылық жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі

Комиссия құрамы мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттарына сай берілітін білім беру қызметінің сапасының Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады

1.Білім беру ұйымдарының жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі » мемлекеттік мекемесінің «Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 жалпы білім беретін орта мектебі » коммуналдық мемлекеттік мекемесі
030711, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Ембі қаласы,
Әйтеке би көшесі 21

Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)

Телефон: 8(71334) 22-1-45; 22-1-45 факс

Электронды почта: embi7mektep@mail.kz; сайты: <https://osh-7.mugalzhar.edu.kz/>

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)

Достанова Асель Жангелдиевна-

2018 жылдың 06 қыркүйектегі Мұғалжар аудандық білім бөлімінің №133 ж.қ бұйрығымен "Ембі қалалық жанындағы интернатпен №7 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директорының міндетін уақытша атқарушы болып тағайындалды.

2019 жылды 18 ақпандағы Мұғалжар аудандық білім бөлімінің №36 ж.қ бұйрығымен «Ембі қалалық жанындағы интернатпен №7 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры лауазымына тағайындалды.

2021 жылдың 05 қаңтардағы Мұғалжар аудандық білім бөлімінің №31 ж.қ бұйрығымен «Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 жалпы білім беретін орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры лауазымына қайта тағайындалды.

Ұялы телефоны: 87055370502

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 08 қаңтарда берілген.

Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 15.04.2002 жыл, БСН-020440004248

Құрылтайшысы: Мектеп жарғысы Ақтөбе облысының әкімдігі 2020 жылғы 23 желтоқсан №469 қаулысымен бекітілген

Рұқсат етуші құжаттар

«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді. Мектеп білім беру қызметін Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 12.02.2021 жылы жылғы білім беру қызметімен айналысуға рұқсат берген № KZ34LAA00023354 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Лицензияға қосымшада лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру көрсетілген.

2.Кадрлық құрамға талдау

Туісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер;

2022-2023 оқу жылы. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2022-2023 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 63 педагог (оның ішінде 1 ұйымдастырушы педагог, 1 тәлімгер 2 психолог, 1 әлеуметтік педагог, 1 ҚББП, 3- интернат тәрбиешісі) жұмыс атқарады. 63 педагог ішінде : санаты жоқ -10, екінші санатты-2, бірінші санатты–1, жоғары санатты–1, «педагог-модератор»-12, «педагог-сарапшы»-19, «педагог-зерттеуші»-14; 4- педагогтың санатының мерзімі өтіп «педагог» санатына түсірілді . Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам **55,5 %**.

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны – **17**. «санатсыз »–3, « педагог-модератор» - 4; «педагог-сарапшы» –6, «педагог-зерттеуші» –4, «педагог-шебер»-0. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрамы- **59%-**ды құрап отыр.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны – **37**. Оның ішінде, санатсыз–**1**, жоғары санатты–**1**; бірінші санатты–**2**, «педагог-модератор»–**8**, «педагог-сарапшы»–**13**, «педагог-зерттеуші»–**12**, «педагог-шебер»–**0**. Санатсыз 1 педагог- Балымбет Абылай 2022-2023 оқу жылында уақытша декреттік демалыстағы маманның орнына алынған жас маман. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы – **70,2%-**ды құрайды, талапқа сай деп бағаланады.

2023-2024 оқу жылы. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшартына сәйкес талдау үшін

ұсынылған құжаттар тізбесін зерделеу барысында 2023-2024 оқу жылында мектептің апталық жүктемесіне сәйкес 63 педагог (оның ішінде 1 ұйымдастырушы педагог, 1 тәлімгер 2 психолог, 1 әлеуметтік педагог; 1 ҚББП, 1- кәсіби бағдар педагогы және 3 интернат тәрбиешісі) жұмыс атқарады. 63 педагог ішінде: санаты жоқ -12, «педагог»-1; «педагог-модератор»-16, «педагог-сарапшы»-16, «педагог-зерттеуші»-18, «педагог-шебер» – 0. Жоғары санатты педагогтердің үлесін қосқанда сапалық құрам **54 %**.

Бастауыш сыныптарда оқу жоспарындағы оқытылатын пәндері бойынша сабақ беретін педагогтер саны – **18**. санатсыз – 3, «педагог-модератор» – 4, «педагог-сарапшы» – 4, «педагог-зерттеуші» – 5. Бастауыш сынып бойынша сапалық құрам – **50 %**-ды құрап отыр.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру сыныптарында оқу жоспарындағы оқытылатын пәндеріне сәйкес сабақ беретін педагогтер саны – **35**. Оның ішінде, санатсыз – **1**, «педагог-модератор» – 10, «педагог-сарапшы» – 10, «педагог-зерттеуші» – 14. Негізгі орта және жалпы орта білім беру педагогтерінің жалпы санының сапалық құрамы – **68,5%**-ды құрайды, талапқа сай деп бағаланады.

2024-2025 оқу жылы. “Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 14 шілдедегі № 339 бұйрығы негізінде білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға

сәйкестікті растайтын құжаттар тексерілді. Мектептің педагогикалық ұжымының сапалық және сандық құрамының талдауы мектептің қажетті оқу – педагогикалық потенциалымен толық қамтылған. Мектепте Қазақстан Республикасы мемлекеттік стандартымен қарастырылған барлық пәндер жүргізілген. Педагогтердің жеке іс-құжаттары, еңбек және санитарлық кітапшалары талапқа сай келеді. 2024-2025 оқу жылындағы жағдай бойынша **бастауыш сыныптарға сабақ беретін (бастауыш мұғалімдері) – 16 мұғалім**. Оның ішінде - “педагог-зерттеуші” – 5 мұғалім, “педагог-сарапшы” – 3, “педагог-модератор” – 7 мұғалім, санатсыз-1. Санатсыз педагог Жолдасбекова А.Н екінші дипломы бойынша информатика пәнінен 2023-2024 оқу жылынан бастап беріп келеді. Алдағы уақытта санатқа барады. Сапалық құрам – **50 %** құрап отыр. Талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

Негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің сапалық құрамы, яғни 5-11 сыныптарға сабақ берген пән мұғалімдері - 37. Оның ішінде – “педагог-шебер”- жоқ, “педагог-зерттеуші” 13 – мұғалім, “педагог-сарапшы” – 11, “педагог-модератор” – 12 мұғалім, педагог -1 мұғалім. Сапалық құрам – **64,8 %** құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша 40 - %-дан кем емес, талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

Ескерту: 2024 – 2025 оқу жылының кестелік ақпаратқа мұғалімдер санына әлеуметтік педагог пен 2 педагог – психолог және 3 интернат тәрбиешісі енгізілді. Себебі, үйден оқыту бойынша жеке дамыту сабақтарының және «Жаһандық құзыреттілік» пен «Психология әлемі» пәндерінен жүктемелері және мектеп жанынан интернат тәрбиеленушілері болғандықтан.

Гуманитарлық бағыттағы педагогтердің үлесі – 16. Оның ішінде “педагог-зерттеуші” – 7, “педагог-сарапшы” – 4, “педагог-модератор” – 4, педагог-1 мұғалім. Сапалық құрам – **68,7 %** құрап отыр. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша жалпы білім беретін орта мектептер үшін - 30 %-дан кем емес, талапқа сәйкес келеді деп бағаланады.

«Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар № 7 ЖББОМ » КММ-де педагогтер саны – 61, оның ішінде тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар педагогтер – **46**.

Арнаулы орта білімі бар педагогтер саны – 15. Сапалық құрам – **71%**

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 533 бекітілген бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдары басшыларының орынбасарлары – осы Қағидалардың 4-тарауының 2-параграфына сәйкес кезекті аттестаттаудан өткізілген.

Аты-жөні, тегі	Лауазымы	Жалпы еңбек өтілі	Пед. еңбек өтілі	ББҰ басшысының орынбасары лауазымындағы еңбек	Санаты

Достанова Асель Жангелдиевна	Мектеп директоры	31	31	8 жыл	Педагог-зерттеуші 30.12.2020 ж Б№276 «Үшінші санатты басшы» 24.12.2021 ж Б№1-546
Байтанова Радина Жаибековна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	10	10	2 жыл	«Педагог-сарапшы» 19.07.2018 ж Б№1-682
Ильясова Асель Алиевна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	19 жыл	19 жыл	6 жыл	"Педагог-сарапшы» 25.12.2020 ж Б№1-765 «Үшінші санатты басшы» 24.12.2021 ж Б№1-546
Жулаева Шатгуль Бахытовна	Директордың оқу әдістемілік орынбасары	30 жыл	30 жыл	6 жыл	"Педагог-зерттеуші " №430 бұйрық 04.09.2024 ж «Екінші санатты басшы» Б№1-990 27.12.2022 Ж
Дүйсенғалиева Таңшолпан Құмарқызы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	12 жыл	12 жыл	1 жыл	"Педагог-модератор " №48 бұйрық 04.09.2024 ж
Қаржаубай Мөлдір Серікқызы	Директордың дарынды балалармен жұмыс жөніндегі орынбасары	8 жыл	8 жыл	2 жыл	"Педагог» 05.04.2023 ж

Басшы орынбасарларының үш жылда бір рет аттестаттаудан 3 педагогтің өтпегендігі анықталды. Олар: Байтанова Р.Ж, Дүйсенғалиева Т.Қ, Қаржаубай М.С басшы орынбасары ретінде еңбек өтілі үш жылға толмағандықтан ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (өзгерістер мен толықтырулар енгізілді) сәйкес аттестаттаудан өткізілмеді.

Кемінде бес жылда бір рет біліктілік санатынның деңгейін арттыру/растау "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 13317 болып тіркелген)сәйкес жүзеге асырылған.

2022-2023 оқу жылында 5 педагог біліктілік санатын алуға өтініші білдірген. Ағымдағы оқу жылы аттестатталуға өтініш берген мұғалімдердің өтініштері қабылданып, аттестатталушы мұғалімдер(тізім бойынша) аттестаттаудың I және II кезеңінен , «педагог-модератор» - 1 педгог өткізілген. Аттестаттау комиссиясының шешіміне сәйкес «педагог-модератор» санатына өтініш білдірген 4 педагог Буркитов Б.Ш, Куразбекова А.К, Тулегенова Л, Махамбетова Г.А біліктілікті бағалау тестінен тиісті балды жинай алмауы себеп болған.

2023-2024 оқу жылында 12 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірген. Оның ішінде «педагог-модератор» - 5, «педагог-сарапшы» -4, «педагог-зерттеуші» - 3. Мәлімделген біліктілік санатына сәйкестігіне біліктілік санаттарын беру (растау) рәсімін жүргізу үшін сараптамалық кеңес шешімімен 6 педагог оның ішінде «Педагог-модератор» - 1, «педагог-сарапшы» -2, «педагог-зерттеуші, - 3» тиісті біліктілік санатын алған. 6 педагог біліктілік санатын ала алмаған. Оған «педагог-модератор» санатына өтініш берген Асанова Г.С – тесттен тиісті балл алса да, біліктілік арттыру курсынан өтпеуі, Махамбетова Г.А , Буркитов Б.Ш , Калиева А.С 1 рет тегін 1 рет ақылы түрде барып шектік бал жинай алмауы, «педагог-сарапшы» санатына өтініш білдірген Умарова А.Ж, Дүйсенғалиева Т.Қ біліктілік тестінен тиісті балды жинай алмауы себеп болған.

2024-2025 оқу жылында аталған бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты біліктілік санатын беру немесе растау 2023 жылдың көктемінде өтініш берілген. «Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар № 7 ЖББОМ » КММ-де 2024-2025 оқу жылында 19 педагог біліктілік санатын алуға өтініш білдірді. Оның ішінде «педагог-модератор» санатына – 9 педагог, «педагог-сарапшы» санатына – 3 педагог, «педагог-зерттеуші санатына» - 7 педагог өтініш білдірді. Жоғарыда біліктілік санатын алуға өтініш білдірген педагогтердің бірінші кезеңі ПББ – дан 2 педагог Калиева А.С және Қаржаубай М.С «педагог- модератор» санатының 1 тегін , 1 ақылы түрде барып, шектік балын жинай алмағандықтан келесі жылға қалдырылды . 1 педагог Дүйсенғалиева Т.Қ өзі өтінім берген «педагог-сарапшы» санатының шектік балын жинай алмағандықтан , жинаған балының негізінен « педагог-модератор санатын қорғады..16 педагог өздерінің өтінім берген санаттарын растап, қорғап шықты. Өтініш берген санаттарына лайық деп танылды .

Ескерту : 2024-2025 оқу жылының біліктілік санатына аттестациялауға 7 педагог өткізіледі . Аттестаттауға уақытының және жетістігінің жетіспеуі негіз болып отыр .

[білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облысты кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер \(бар болған жағдайда\) туралы мәліметтер;](#)

Зерделеу нәтижелері: 2022-2023,2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесінің жұмыс оқу жоспары, сабақ кестесі жасалып, бекітілген.

2022-2023 оқу жылы бойынша

Тілді меңгерудің маңыздылығы туралы түсінік бере отырып ойды жеткізудің дәнекерлеуші тілдік құралдары туралы білімдерін кеңейту, лексикалық минимумды пайдалану арқылы сөйлем құрау, тілдік құзыреттілік қалыптастыру мақсатында «Тіл мәдениеті» және еркін сөйлеуге және жазба сауаттылығын қалыптастыру үшін аптасына 1 сағаттан «Оқу сауаттылығы» курсы оқытылды.

Оқушылардың жаратылыстану – математика бағыты бойынша және басым бөлігінің болашақ мамандықтарына дайындау мақсатында және сұраныстары негізінде таңдау пәндерінен білімдерін кеңейту үшін вариативтік компонент бөлігіндегі таңдау пәндері көлемінен "Физика заңдарына есептер шығару" курсы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда практикалық дағдыларын дамыту мақсатында «Күрделі есептерді шешу тәсілдері» «Физика ағылшын тілінде» курстары оқытылды. Аталған курстар білім алушылардың өз білімдерін жоғары деңгейде көрсете алуына мүмкіндік берді. Осы орайда оқушылар математикалық олимпиадалар мен байқауларда көптеген жетістіктерге жетті.

Оқу жоспарының вариативтік компонентіндегі элективті курстар есебінен оқушылардың эстетикалық талғамын дамыту, спорттық ойындарға оның ішінде қазақтың ұлттық ойындарын бойларына сіңіре білу мақсатында «Шебер қолдар», «Тоғызқумалақ » курстары өткізілді.

Оқушылардың тарихи деректерге сыни көзқарасын қалыптастыра отырып, өткен тарихымыздың шынайы бейнесін жасап, тарихи хронологияны есте сақтауға дағдыландыру мақсатында «Тарих тағылымы» курсы аптасына 1 сағат оқытылады.

Жоғарыда аталған курстар бойынша оқушылар 2022-2023 оқу жылы бойынша төмендегідей жетістіктерге жетті:

Жыл басында дарынды оқушыларды анықтау мақсатында мектеп психологі сауалнамалар жүргізді. Мектептің бірлестік жетекшілерімен отырыс ұйымдастырылып, дәстүрлі өтетін аудандық, облыстық, республикалық сайыстар, білім олимпиадалары, ғылыми жобалар конкурстары туралы мағлұматтар берілді. Мектебіміздің дарынды оқушысы, «Жас талап» ОҒҚ мүшесі, түрлі сайыстардың, оның ішінде қазақтың ақын-жазушыларының құрметіне ұйымдастырылған мәнерлеп оқу байлауларының жеңімпазы 9 класс оқушысы Тулеубай Саян республикалық «Балдәурен-Щучинск» балалар демалыс лагеріне барып қайтты. Саян лагерьде де түрлі байқауларға, қойылымдарға қатысып, жүлделі орындармен марапатталған.

<https://www.instagram.com/reel/Ci7kfoloipr/?igsh=Y2ZvbHh3cmRtMm5s>

4 кластар арасында дәстүрлі «Кішкентай білгірлер» интеллектуалдық олимпиадасының мектепшілік кезеңі өткізілді. Математика, қазақ тілі, дүниетану пәндері бойынша логикалық сұрақтар, тереңдетілген тапсырмалар орындап, нәтижесінде Ален А., Ғалижан А., Асхатұлы Д.,

Бақтыбергенова Ф. жоғары белсенділіктерімен әр берілген тапсырманы орындап, белсенділіктерімен көзге түскені үшін олимпиаданың аудандық кезеңіне жолдама алды.

<https://www.instagram.com/reel/Ci2-kQBI02i/?igsh=cmx0a2ZINmYzMjB0>

Республикалық «Ақберен» шығармашылық байқауының аудандық кезеңіне 9 класс оқушысы Панашева С. «Шешендік өнер» бағыты бойынша, 8 класс оқушысы Рахман А. «Ақындар мүшәйрасы» бағыты бойынша, 11 класс оқушысы Шайқы Қ. «Эссе жазу» бағыты бойынша, 9 класс оқушысы Төлеубай С. «Көркемсөз оқу» бағыты бойынша қатысып, нәтижесінде Панашева С. II дәрежелі Диплом, Рахман А. III дәрежелі Диплом, Шайқы Қ. II дәрежелі Диплом, Төлеубай С. II дәрежелі Дипломға ие болды. Дайындаған жетекшілері қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Жулаева Ш.Б., Сайымбетова Г.У., Балымбетов А.С.

<https://www.instagram.com/reel/CjyTyEloiiS/?igsh=MnVseDI1cGlpbGx4>

1-7 класс оқушыларына арналған «Зерде» ғылыми жобалар конкурсының мектепшілік кезеңіне қатысып, аудандық кезеңінің сараптамасына 7 оқушы өздерінің дайындаған жобаларын жіберген болатын. Барлық оқушының жобалары аудандық кезеңге жарамды деп танылып, конкурстың аудандық кезеңіне қатысып, өз жобаларын қорғады. 3 класс оқушысы Аманғос М. «Лимон және оның таңғажайып қасиеттері» тақырыбында дүниетану бағыты бойынша қорғады. Нәтижесінде белсене қатысқаны үшін сертификатқа ие болды. Дайындаған жетекшісі бастауыш класс мұғалімі Демесинова Г.Ф. 3 класс оқушысы Шайқы А. «Алоэ» өсімідігін зерттеу» тақырыбында жобасын қорғады. Нәтижесінде сертификат алды. Дайындаған жетекшісі бастауыш класс мұғалімі Жулаева А.А. 2 класс оқушысы Мажитов С. «SCRATCH» ортасында математикалық есептерді шешу жобаларын құру» тақырыбында қорғады. Нәтижесінде дайындаған жобасын өте жоғары деңгейде қорғап шыққаны үшін I дәрежелі Дипломмен марапатталып, облыстық кезеңге жолдама алды. Дайындаған жетекшісі информатика пәнінің мұғалімі Имандосова А.З. 5 класс оқушысы Байдеш Д. «Жалбыздың адам денсаулығына пайдасы» тақырыбында қорғап, нәтижесінде сертификат алды. Дайындаған жетекшісі бастауыш класс оқушысы Тенисбаева А.М. 6 класс оқушысы Қуандық А. «Ерлік ешқашан ұмытылмайды» тақырыбында тарих бағыты бойынша жобасын қорғады. Нәтижесінде жоғары деңгейде қорғап, тақырыпты жан-жақты аша білгені үшін I дәрежелі Дипломмен марапатталып, облыстық кезеңге жолдама алды. Дайындаған жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Шаудыров С.А. 7 класс оқушылары Хабибулла А., Зейнулла Н. О.Бөкейдің «Апамның астауы» әңгімесіндегі ұлттық қолөнер көрінісі тақырыбында әдебиет бағыты бойынша жобаларын қорғады, сонымен қатар, жұмыс барысын көрсете білді. Нәтижесінде жоғары деңгейде жобаларын жан жақты көрсете білгені үшін I дәрежелі Дипломмен марапатталып, облыстық кезеңге жолдама алды. Дайындаған жетекшісі қазақ тілінің мұғалімі Абильтаева Р.С.

<https://www.instagram.com/p/CjqWjmjINkv/?igsh=b2Zjb2JuajdkaWh3>

5-6 класс оқушылары арасында аудандық олимпиада өткізілген болатын. Бұл олимпиадаға мектебіміздің 5 класс оқушылары Байдеш Д., Орман А., Мұқан А., Базарбай Р., 6 класс оқушылары Ерсейт Е., Равкат Р., Бикжан А., Темірбек І., Қуандық А., Сенгирова А. Қатысып өз білімдерін көрсетіп, шыңдады. Нәтижесінде 5 класс оқушысы Мұқан А., 6 класс оқушысы Ерсейт Е., белсенділік танытып, білімдерін көрсете білгені үшін Дипломдармен марапатталды. 6 класс оқушысы Равкат Р. III дәрежелі Дипломмен марапатталды.

7-8 класс оқушылары арасында жаратылыстану-математикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне мектебіміздің бірқатар оқушылары қатысып, нәтижесінде 7 класс оқушысы Амалов Д., Алмағанбет А., өз білімін көрсетіп, белсене қатысқаны үшін Дипломмен марапатталды. 7 класс оқушысы Утемисова Н., 8 класс оқушысы Самал Н. III дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Аудандық «Ә.Нұршайықов – ерлік пен махаббат жыршысы» эссе байқауына 11 класс оқушылары Шайқы Қ., Орман Г. қатысып, нәтижесінде II дәрежелі Дипломдармен марапатталды. Дайындаған жетекшілері қазақ тілінің мұғалімдері Сайымбетова Г.У., Абильтаева Р.С.

Ағымдағы жылдың 16-17 қараша күндері 9, 10, 11 класс оқушылары арасында дәстүрлі республикалық жалпы пәндер олимпиадасының мектепшілік кезеңі ұйымдастырылып, өткізілді. Олимпиаданың мақсаты — жалпы пәндерге деген оқушылардың қызығушылығын арттыру, тереңдетілген тапсырмалар орындату. Олимпиада 11 пән бойынша өткізілді. Қазақ тілі мен әдебиеті, Орыс тілі мен әдебиеті, Ағылшын тілі, Қазақстан тарихы, Құқық негіздері, Математика, Информатика, Физика, Биология, Химия, География. Жалпы қатысқан бала саны — 73 оқушы. Оның ішінде 9 кластар — 28 оқушы. 10 кластар — 21 оқушы. 11 кластар — 24 оқушы. Жоғары ұпай алған оқушылар I, II, III дәрежелі Дипломдармен марапатталды. Аудандық кезеңге 26 оқушы қатысады деп күтілуде.

<https://www.instagram.com/p/CoUdG6VoUbU/?igsh=MTZ5c3ZndnZyYW15NA==>

Дәстүрлі 5-6 класс оқушыларына арналған облыстық олимпиаданың мектепшілік кезеңі ұйымдастырылды. Олимпиада тапсырмалары аудандық білім бөлімінен арнайы ұйымдастырылып, жіберілді. Оқушылар математика, ағылшын тілі, қазақ тілі, орыс тілі, жаратылыстану, Қазақстан тарихы пәндерінен берілген тереңдетілген тапсырмаларды орындады. Олимпиада нәтижесінде жоғары нәтиже көрсеткен 9 оқушы аудандық кезеңге қатысып, білімдерін шыңдады. Олар: Орман А. 5 кластан математика пәнінен. Жетекшісі Мамбетияр Е.С., Равкат Р. 6 кластан математика пәнінен. Жетекшісі Адилова Р.Ж., Мұқан А. 5 кластан қазақ тілі пәнінен Жетекшісі Сайымбетова Г.У., Ерсейт Е. 6 кластан қазақ тілі пәнінен Жетекшісі Байтанова Р.Ж., Байдеш Д. 5 кластан ағылшын тілі пәнінен Жетекшісі Кабылбаева К.Ж., Сенгир А. 6 кластан ағылшын тілі пәнінен жетекшісі Ильясова А.А., Базарбай Р. 5 кластан жаратылыстану пәнінен Жетекшісі Тиналина Г.С., Қуандық А. 6 кластан жаратылыстану пәнінен Жетекшісі Асабаева Н.С., Бикжан А. 6 кластан Қазақстан тарихы пәнінен жетекшісі Шаудыров С.А.

<https://www.instagram.com/p/ClrMaHzghg1/?igsh=Y2hhcDV3aHV5YWNl>

І-ші жарты жылдық қорытындысы барысында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Ильясова «Жас талап» оқушылар ғылыми қоғамының мүшелеріне, яғни мектептің барлық іс шараларына қалмай атсалысып жүрген және аудандық, қалалық, облыстық, республикалық ғылыми жобалар, білім олимпиадалары, мәнерлеп оқу байқаулары, өнер сайыстарының жеңімпаздарын мектеп директорының атынан арнайы дайындалған Алғыс хатпен марапаттады.

1-7 класс оқушыларына арналған «Зерде» ғылыми жобалар конкурсының мектепшілік кезеңіне қатысып, аудандық кезеңінің сараптамасына 7 оқушы өздерінің дайындаған жобаларын жіберген болатын. Барлық оқушының жобалары аудандық кезеңге жарамды деп танылып, конкурстың аудандық кезеңіне қатысып, өз жобаларын қорғап, нәтижесінде оқушылар аудандық білім бөлімінің негізінде I, II, III дәрежелі Дипломдармен және сертификаттармен марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/CjqWjmjINkv/?igsh=b2Zjb2JuajdkaWh3>

«Зерде» 1-7 кластарға арналған ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңіне аудандық кезең жеңімпаздары әдебиет бағыты бойынша 7 класс оқушылары Зейнулла Н., Хабибулла А., информатика бағыты бойынша 2 класс оқушысы Мажитов С. облыстық кезеңге қатысып, нәтижесінде Мажитов Сағиттің жобасы жоғары деңгейде дайындалғаны үшін және информатика, математика пәндерін біріктірген түрде заманауи бағдарлама құрып, дәлелдегені үшін республикалық кезеңге жолдама алды.

<https://www.instagram.com/reel/CqR13Koo8ac/?igsh=MTZvbmtsNnFmODB4eg==>

Республикалық «Елбасы медалі» жобасы бойынша мектебіміздің 9 класс оқушысы Панашева С. қола медаль иегері атанды.

Аудандық «Жыл оқушысы-2022» байқауында жүлделі II дәрежелі Диплом Равкат Р., III дәрежелі Диплом Хайрулла Г., Панашева С.

<https://www.instagram.com/p/ClGjhBSopvg/?igsh=OXNwbzFqbm9iNGRk>

«Ақтөбе-Дарын» ӨҒТҚББ орталығының ұйымдастыруымен ZOOM платформасы арқылы ойшыл, ғұлама ғалым, әдебиет зерттеушісі А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай ғылыми-практикалық конференция өтті. Ембі өңірінің оқушылары мен ұстаздарына Ембі №7 ЖББО мектебінде ұйымдастырылды. Бұл конференцияға мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ш.Б.Жулаева және дайындап жүрген дарынды шәкіртінің бірі 9 класс оқушысы Панашева С. қатысты. Шаткүл Бақытқызының ғылыми баяндамасы оқылып, жоғары деңгейде жазылғаны үшін бағаланып, дипломмен марапатталды. Жалпы жоспарға сәйкес жазушы, қоғам қайраткері

Жас талап» ОҒҚ орта буын оқушылары дәстүрлі өтетін қайырымдылық акциясына байланысты «Көмек қолын созамыз» тақырыбында балаларды еңбекқорлыққа, үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу мақсатында қайырымдылық іс шарасын өткізді. Балалар мектеп жанындағы интернат жұмысшыларының еңбегін қарап, оларға қол көмегін берді, мектепте отырғызылған гүлдерге күтім жасап, көмектесті. Сонымен қатар, қоғамның жоғарғы класс оқушылары «Бала жүректен - қайырымды іс» тақырыбында мейірімділікке, қиын жағдайда көмектесуге үйрету мақсатында қаламыздағы әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасына азық-түлікпен көмек қолын созды.

Аудандық 7-8 класс оқушылары арасында өткен жаратылыстану-математикалық олимпиадаға 8 класс оқушылары Самал Н., Алмағанбет А., 7 класс оқушылары Утемисова Н., Амалов Д. қатысып, өз білімдерін көрсетіп, Самал Н., Утемисова Н. өз білімдерін жоғары дәрежеде көрсеткені үшін III дәрежелі Диплом, Алмағанбет А., Амалов Д. белсене қатысып, білімдерін көрсеткендері үшін Дипломмен марапатталды. Жетекшілері химия пәнінің мұғалімі Ермагамбетов Е.С., география пәнінің мұғалімі Тиналина Г.С., информатика пәнінің мұғалімі Имандосова А.З.

<https://www.instagram.com/reel/CnjFapovky1/?igsh=ZGY3bDU3ZjYwN25l>

«Ақтөбе-Дарын» ӨФТҚББО мен «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің ұйымдастыруымен математика пәнінен 10-11 класс оқушылары арасында облыстық «Алтын түлек» олимпиадасы ұйымдастырылған болатын. Бұл олимпиадаға бірқатар оқушылар қатысты. 11 класс оқушысы Құрантаева А. олимпиаданың республикалық кезеңіне қатысып, III дәрежелі Диплом және 30% пайыздық жеңілдік сертификатын иеленді. Дайындаған жетекшісі математика пәнінің мұғалімі Мамбетияр Е.С.

https://www.instagram.com/reel/Cpwy5fmgH_v/?igsh=MXEwOTJvdGRvZmc3Mg==

Аудандық география пәнінен өткен олимпиадаға 8 класс оқушысы Алмағанбет А. қатысып, нәтижесінде білімін жақсы деңгейде көрсете білгені үшін Алғыс хатпен марапатталды. Дайындаған жетекшісі география пәнінің мұғалімі Тиналина Г.С

Аудандық физика пәнінен олимпиадаға 7 класс оқушысы Акмурзаева А. қатысып, өз білімін жоғары деңгейде көрсеткені үшін II дәрежелі Диплом және ақшалай сыйлықпен марапатталды. Дайындаған жетекшісі физика пәнінің мұғалімі Жаимова М.С.

Республикалық жалпы білім беретін пәндер бойынша өтетін олимпиаданың аудандық кезеңіне 23 оқушы қатысып, нәтижесінде математика пәнінен Панашева С. II орын. Жетекшісі Дүйсенғалиева Т., физика пәнінен 11 класс оқушысы Дайырова А. II орын. Жетекшісі Жаимова М.С., информатика пәнінен Хабидулла Н. II орын. Жетекшісі Имандосова А.З., ағылшын тілі пәнінен 11 класс оқушысы Смағұлова Н. II орын. Жетекшісі Кабылбаева К.Ж., құқық негіздері пәнінен Орман Е. II орын. Жетекшісі Акмурзина А.А., қазақ тілі пәнінен III орын Сақыпкерей А.. Жетекшісі Жулаева Ш.Б. Жалпы саны — 6 орын. II орын — 5. III орын — 1, Мақтау қағазы — 6. Гуманитарлық пәндер бойынша орын алған оқушылар саны — 3. Жаратылыстану пәндер бойынша орын алған оқушылар саны — 3.

<https://www.instagram.com/p/CoUdG6VoUbU/?igsh=MTZ5c3ZndnZyYW15NA==>

Көкшетау қаласындағы өткен республикалық «Зерде» шығармашылық жобалар конкурсының республикалық кезеңінде 2 класс оқушысы Мажитов С. информатика пәні бойынша жоба қорғап, нәтижесінде сертификатқа ие болды. Дайындаған жетекшісі информатика пәнінің мұғалімі Имандосова А.З.

«Жас талап» ОФҚ мүшелері дәстүрлі 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай алғыс кімдерге айтылуы керек, бұл қандай мереке, қалай тойлануы керек деген сұрақтар төңірегінде дөңгелек үстел өткізді. Қоғам мүшелері 7 класс оқушылары Акмурзаева А., Рамазан А., 6 класс оқушылары Равкат Р., Сенгирова А., Темірбек І., т.б. оқушылар өз ойларын ортаға салып, ой бөлісті, көзқарастарын айтты. Пікір алмасты.

<https://www.instagram.com/reel/CsRexoDomt8/?igsh=MW1xNTlvbjIxZnU3dw==>

4 сәуір күні аудандық білім бөлімінің жалпы жоспарына сәйкес физика пәнінен аудандық олимпиада өткізілген болатын. Олимпиадаға 8 класс оқушысы Утемисова Сабина қатысып, білімін жақсы деңгейде көрсеткені үшін Алғыс хат және ақшалай сыйлықпен марапатталды. Дайындаған жетекшісі физика пәнінің мұғалімі Есенова Гүлжан Рысқалиқызы.

<https://www.instagram.com/reel/CqpTJWQAmmt/?igsh=MWlqaGswdGV0ejhrZw==>

Мұғалжар ауданының жұмыс жоспарына сәйкес ағымдағы жылдың 14 сәуір күні Қайыңды жалпы білім беретін орта мектебінде 8 класс оқушылары арасында информатика пәнінен олимпиада өткен болатын. Бұл олимпиадаға мектебіміздің 8 класс оқушысы Ерсейіт Нұржан қатысып, жүлделі II дәрежелі Дипломмен марапатталды. Дайындаған жетекшісі информатика пәнінің мұғалімі Есбосынова Г.И.

Мұғалжар аудандық оқушылар шығармашылығын дамыту орталығының ұйымдастыруымен өткен аудандық «Абай оқулары» мәнерлеп оқу байқауына 7 класс оқушысы Утемисова Нұршат қатысып, нәтижесінде жүлделі I дәрежелі Дипломмен марапатталды. Дайындаған жетекшісі қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Абильтаева Р.С.

Мұғалжар аудандық білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес өткізілген аудандық «Мағжан оқулары» байқауына мектебіміздің 8 класс оқушысы Рахман А. қатысып, белсенділік танытып, қатысқаны үшін Алғыс хат және сыйлықпен марапатталды. Дайындаған жетекшісі қазақ тілінің мұғалімі Балымбетов А.С.

Республикалық Қожа Ахмет Ясауидың хикметтерін жатқа оқу (40 хикмет) «Ясауитану» білім байқауының аудандық кезеңі «ZOOM» платформасы арқылы өтті. Бұл байқауға мектебіміздің 8 класс оқушысы Рахман А. қатысып, нәтижесінде жүлделі III дәрежелі Дипломмен марапатталды. Дайындаған жетекшісі ҚББП Умарова А.Ж.

Аудандық 9-10 класс оқушыларына арналған «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалдық білім

байқауының мектепшілік кезеңі өткізілді. Мақсаты — дарынды оқушыларды анықтау, танымдық, шығармашылық қабілетін арттыру. Жан-жақты білімдерін шыңдау. Байқауға жалпы 8 оқушы қатысты. Нәтижесінде 9 класс оқушысы Тулеубай Саян жан-жақты білімімен, ізденімпаздығымен, сауаттылығымен, білімімен көзге түскені үшін Бас жүлдеге ие болып, аудандық кезеңге жолдама алды.

<https://www.instagram.com/reel/CsJyXruIEdC/?igsh=MWZqb2NxbHUyaDNwNA==>

2022-2023 оқу жылы бойынша аудандық «Үздік оқушы-2023» атты байқаудың мектепшілік кезеңі өткізілді. Байқау мақсаты — жан-жақты, сауатты, білімді, ізденімпаз оқушыларды табу, дарындылығын дамыту, жекелеген пәндерге қызығушылығын арттыру.

Қандыағаш қаласындағы №5 мектебінде Г.К.Кдыралиеваның құрметіне арналған «Тәрбиелі ұрпақ — ұлт болашағы, дарындылық — даналық кілті» атты дарынды оқушылардың аудандық семинар-практикумы және 8 класс оқушыларына арналған қазақ тілі пәнінен олимпиада өтті. Семинарға дарын жетекшісі А.Ж.Умарова қатысты. Қазақ тілі олимпиадасына 8 класс оқушысы Самал Нұрдана қатысып, нәтижесінде Алғыс хат және сыйлықпен марапатталды.

Мұғалжар аудандық білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес Құмжарған негізгі мектебінде 4 класс оқушыларына арналған қазақ тілі олимпиадасына мектебіміздің оқушысы Ален Аруна қатысып, нәтижесінде жүлделі II дәрежелі Диплом және ақшалай сыйлықпен марапатталды. Дайындаған жетекшісі бастауыш класс мұғалімі Бралина А.У.

<https://www.instagram.com/p/Csb2Kavo9hV/?igsh=dHd0cmNoZzd5aHNr>

Дәстүрлі бастауыш класс оқушыларына арналған аудандық «Бастау» топтық олимпиадасына мектебіміздің 2, 3, 4 класс оқушыларына құрылған «Зерделі» тобы қатысып, нәтижесінде белсенділік танытып, қатысқандары үшін Алғыс хатпен марапатталды. Дайындаған жетекшілері бастауыш класс оқушылары Жулаева А.А., Бралина А.У., Қуанышова Б.Н.

<https://www.instagram.com/p/Csb2G0TIZNB/?igsh=cnd1NGxxYmJpOG42>

Мұғалжар аудандық білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес 8-9-10 класс оқушылары арасында өткен «Үздік оқушы-2023» байқауына мектебіміздің дарынды 10 класс оқушысы Ақтан Ағжан қатысып, өз өнерін көрсетіп, білімін шыңдады.

<https://www.instagram.com/reel/CsRexoDomt8/?igsh=MW1xNTlvbjIxZnU3dw==>

Аудандық білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалдық білім байқауына мектебіміздің 9 класс оқушысы Тулеубай Саян қатысып, нәтижесінде Мақтау қағазымен марапатталды. Жетекшісі Есбосынова Г.И.

Аудандық білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес Алтынды орта мектебінде Қазақстан тарихы пәнінен 8 кластар арасында олимпиада өткізіліп, нәтижесінде Алғыс хатпен марапатталды. Жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Демесінов Е.О.

Оқушылардың ғылыми жобаларға қатысуы туралы мәлімет.

Кезең	Қатысушылар саны	Жүлделі орын	пайызы
Аудандық	10	6	60%
облыстық	3	2	66,6%
республикалық	1	1	100%

Оқушылардың шығармашылық байқаулар мен жарыстарға қатысуы туралы мәлімет.

Кезең	Қатысушылар саны	Жүлделі орын	пайызы
Аудандық	210	87	41,4 %
облыстық	87	27	31 %
республикалық	-	-	

Оқушылардың пәндік олимпиадаларға қатысуы туралы мәлімет.

Кезең	Қатысушылар саны	Жүлделі орын	пайызы
Аудандық	26	8	30%
облыстық	1	1	100%
республикалық			

2023-2024 оқу жылы бойынша

2023-2024 оқу жылы бойынша оқушылардың жаратылыстану – математика бағыты бойынша және басым бөлігінің болашақ мамандықтарына дайындау мақсатында және сұраныстары негізінде таңдау пәндерінен білімдерін кеңейту үшін вариативтік компонент бөлігіндегі таңдау пәндері көлемінен **"Физика мамандықта" курсы** оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда практикалық дағдыларын дамыту мақсатында **«Физикалық есептерді шешу жолдары»** **"Қазақстан энергетикасы"** курстары оқытылды. Аталған курстар білім алушылардың өз білімдерін жоғары деңгейде көрсете алуына мүмкіндік берді. Осы орайда оқушылар математикалық, физикалық олимпиадалар мен байқауларда көптеген жетістіктерге жетті.

Тілді меңгерудің маңыздылығы туралы түсінік бере отырып ойды жеткізудің дәнекерлеуші тілдік құралдары туралы білімдерін кеңейту, лексикалық минимумды пайдалану арқылы сөйлем құрау, тілдік құзыреттілік қалыптастыру мақсатында **«Тіл мәдениеті» және** еркін сөйлеуге және жазба сауаттылығын қалыптастыру үшін **аптасына 1 сағаттан «Эссе және оның түрлері,бағалауға қойылатын талаптар,өлшемдер»** курсының нәтижелі өткізілді.

Оқушылардың географиялық түсінігін кеңейту,зерттеушілік қабілетін дамыту, еліміздің шынайы бейнесін жасап, ел тану бағыты арқылы ойлау деңгейлерін дағдыландыру мақсатында **«Туризм географиясы»** курсы, **«Қоғамдық география»** курсы **аптасына 1 сағат** оқытылады. Оқытылып жатқан курстардың нәтижесінде білім алушыларымыздың елді зерттеуге деген қызығушылықтары оянып төмендегідей нәтижелерді көрсетті:

Оқушыларға қосымша білім беруде оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін ,қызығушылықтарын арттыру мақсатында **«Шебер қолдар»** курсы аптасына 1 сағат өткізілді. Осы орайда оқушылар көптеген жетістіктерге жетті.

Жоғарыда аталған курстар бойынша оқушылар 2023-2024 оқу жылы бойынша төмендегідей жетістіктерге жетті:

2023 жылдың 22 қыркүйек күні Қандыағаш қалалық №4 жалпы білім беретін орта мектеп базасында жас ұрпақтың бойына ұлттық рухты сіңіру және тілді, әдебиетті жете меңгерту мақсатында 8-11 класс оқушылары арасында Республикалық «Ақберен» байқауына мектебіміздің дарынды оқушылары қатыстырылды. Байқау қорытындысы бойынша «Эссе» бағыты бойынша Амангелдіқызы Әсем мақтау қағазымен, «Ақындар мүшәйрасы» бағыты бойынша-Утемисова Нұршат III орынға ие болды. «Ұлттық аспапта өнер көрсету» бағыты бойынша 11 класс оқушысы Ақтан Ағжан қатысып қазыларсының шешімі бойынша өте жақсы нәтиже көрсетіп БАС ЖҮЛДЕГЕ ие болып, облыстық кезеңге жолдама алды.Жетекшілері қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері А.Ж.Достанова, Г.У.Сайымбетова, Р.С.Абильтаева.

<https://www.instagram.com/p/CxfwE8goPJb/?igsh=Y2FodndrbHFwbm96>

2023 жылдың 29 қыркүйек күні Ақтөбе қаласында Әбіш Кекілбаев атындағы №72 ІТ мектеп базасында Республикалық «Ақберен» байқауының облыстық кезеңіне аудандық кезеңінің жеңімпазы 11 «А» класс оқушы Ақтан Ағжан қатысып сертификатқа ие болды. Жетекшісі:қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Достанова Асель Жангелдиевна.

<https://www.instagram.com/p/Cx2cl8FAyUa/?igsh=MThrYjJldTZoMXg4dQ==>

29 қыркүйек күні «Дарын» және «Зерделі» ақыл-ой дамыту орталығының ұйымдастыруымен жаңа оқу жылындағы 5-6 сыныптарға арналған «Алтын сақа» олимпиадасының мектепішілік кезеңі өткізілді.Математикалық олимпиадаға 15 оқушы қатыстырылды.Әділ қазы алқаларының шешімі бойынша аудандық кезеңге 6 оқушы жолдама алды.

5 кластар бойынша Асхатұлы Диас, Ален Аруна, Асылбек Балауса,6 кластар бойынша Орман Ароай, Сақыпкерей Айзере, Жетпісбай Дидар аудандық кезеңге жолдама алды.Жетекшілері: математика пәнінің мұғалімдері: Р.Адилова, А.Н.Жолдасбекова, Е.С.Мамбетияр, А.Буташева.

<https://www.instagram.com/p/CxyHL6ZoNri/?igsh=ZG11cmhlY29qeTRu>

2023жылдың 3 қазан күні оқушылардың білімдерін ойын арқылы тексере отырып топпен жұмыс жасауға, логикалық ойлау қабілеттерін арттыруға, өз ойын анық жеткізе білуге,бірлікке, ұқыптылыққа, шапшаңдылыққа үйрету мақсатында 4 класс оқушылары арасында мектепішілік “Кішкентай білгірлер-2023” сайысы ұйымдастырылды. Сайыс қорытындысы бойынша “Жұлдыз” тобы ІІ дәрежелі дипломмен, өте жақсы нәтиже көрсеткені үшін “Бүркіт”тобы І дәрежелі дипломмен марапатталып аудандық кезеңге жолдама алды. Жетекшілері: А.Ж.Умарова, Г.Асанова, Г.Г.Демесинова.

2023 жылдың 6 қазан күні «№2 Ембі қалалық жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-де

ұйымдастырылған дүниеден озған ұлағатты ұстаз Иманбаев Мерей Төлеубайұлына арналған аудандық география пәнінен мектебіміздің 8 класс оқушылары қатысып Утемисова Нұршат II орынға, Хабибулла Акерке Алғыс хатқа ие болды. Жетекшісі география пәнінің мұғалімі Н.С.Асабаева.

<https://www.instagram.com/reel/CyDNrbvgZwl/?igsh=dmxnaDl1NHVkn3Ew>

2023 жылдың 2 қазан күні Қазақ жазушысы Кемел Тоқаевтің 100 жылдығына арналған 12-17 жас аралығындағы оқушыларға арналған эссе жазу байқауына мектебіміздің 7 класс оқушылары Равкат Р, Сенгирова А, Темірбек А, 9 класс оқушысы Утемисова Сабина қатысып сертификатқа ие болды. Жетекшілері: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Ш.Б.Жулаева, Р.Ж.Байтанова.

<https://www.instagram.com/reel/CyELaYoowMA/?igsh=MTVmbHc0eTRnbjQ4YQ==>

Таланттар дамыту халықаралық орталығы 2023-2024оқу жылындағы білім беру, IT-технологиялар,өнер,музыка және спорт саласындағы қашықтықтан "Білім мен шығармашылық әлемі"байқауына МАД"Б" тобының оқушылары қатысып: Жалмухамбетова Айжан 1 орын Жеңімпазы.(Вокал) Насыров Исмайл 2 орын Жеңімпазы(мәнерлеп оқу) Қозыбағар Бакдәулет 2 орын Жеңімпазы(мәнерлеп оқу).Байқауға қатыстырып,балаларды дайындағаны үшін тәрбиеші Куразбекова Айгуль Конысбаевна мадақтамамен марапатталды.

<https://www.instagram.com/reel/CyNOHsSOCnc/?igsh=MXJlcWlreWpoZ3k1>

Жалпы білім беретін мектептердің 9-10 сынып оқушылары арасында жас тарихшылардың «Менің шағын Отаным» атты Республикалық интеллектуалдық конкурсының аудандық кезеңіне Орман Еркеназ «Эссе» бағыты бойынша III орын, Утемисова Сабина «Кішкентай Отанымның символы» презентация бойынша II орын, Ұлықпан Аяулым «Менің кішкентай Отанымның тарихы» бейнефильм бағыт бойынша III орынға ие болды. Жетекшісі: тарих пәнінің мұғалімі Акмурзина Айгерим Аманжоловна.

<https://www.instagram.com/reel/CyU4Ci3oqs6/?igsh=MXA1dWFndmpxMDk3YQ==>

Мұғалжар аудандық оқушылар шығармашылығын дамыту орталығының ұйымдастыруымен өткен аудандық"Қарттарым-асыл қазынам"байқауына МАД"Б"тобының оқушылары қатысып ,Бисенов Осман 2-орынИздибаева Жанерке 3-орынға ие болып, мадақтамамен марапатталды. МАД"А"тобынан Баймурзин Нұрдаулет 3-орынға ие болды.

Тәрбиешілері:Куразбекова.А.К Шалабаева М.Ф

<https://www.instagram.com/reel/CyQ6FXcIld6/?igsh=ZnV0dDF3N3FvNjEx>

2023 жылдың 13 қазан күні №5Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектеп базасында 7-8 класс оқушылары арасында география пәнінен Ұлттық олимпиадасының аудандық кезеңіне 8 класс оқушысы Утемисова Нұршат II орынға,7 класс бойынша Ерсейт Нұржан қатысып жүлделі II орынға ие болды. Жетекшісі география пәнінің мұғалімі Асабаева Нурилла.

<https://www.instagram.com/reel/CyDNrbvgZwl/?igsh=dmxnaDl1NHVkn3Ew>

Республика күнін мерекелеу жөніндегі облыстық іс-шаралар жоспары негізінде сырттай (қашықтықтан) «Тәуелсіз елім-кең байтақ жерім» атты эссе байқауының аудандық кезеңіне 8 класс оқушысы Хабибулла Акерке қатысып жүлделі III орына ие болды. 9 класс оқушысы Утемисова Сабина мақтау қағазына ие болды.Жетекшілері қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.У.Сайымбетова, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Г.С.Есенова.

2023 жылдың 20 қазан күні 10-11 класс оқушылары "Алтын түлек" математикалық олимпиадасының мектепшілік кезеңі ұйымдастырылды. Олимпиадаға жалпы 10 оқушы қатысып нәтижесінде 11 класстар бойынша: Амангелді Ж, Ақтан А, Ыбраш М,Балтабай С, Кныков А 10 кластар бойынша: Келимбердина Г, Мұңалқызы Г, Панашова С аудандық кезеңге жолдама алды. Жетекшілері Е.С.Мамбетияр, Р.Ж.Адилова, А.Б.Буташева. Аудандық кезеңге жолдама алған оқушыларымызға сәттілік!

<https://www.instagram.com/reel/C0T7oUCIO-e/?igsh=NnVsOXg3bHQzMWoz>

2023 жылдың 20 қазан күні Қандыағаш қалалық жалпы білім беретін орта мектеп базасында 2-7 класс оқушылары арасында Республикалық «Зерде» шығармашылық жобалар мен зерттеулер конкурсының аудандық кезеңіне 2022-2023 оқу жылында мектепшілік кезеңінің жеңімпазы 7 класс оқушы Равкат Райхан Әділбекқызы тарих секциясы бойынша «Ұлы Отан соғысының ардагері-Жәміл Сүлейменовтың соғыс жылдары кезінде бастан кешкен қиындықтары» тақырыбында жобасын қорғап, әділ-қазы алқаларының шешімі бойынша жүлделі I орынға ие болып, облыстық кезеңге жолдама алды. Жетекшісі: тарих пәнінің мұғалімі Шаудыров Санибек Абсаматович. Облыстық кезеңге жолдама алған оқушымызға сәттілік тілейміз.

<https://www.instagram.com/reel/CyU4Ci3oqs6/?igsh=MXA1dWFndmpxMDk3YQ==>

2024 жылдың 03-06 қаңтар аралығында Ақтөбе қаласында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық пәндік олимпиаданың облыстық кезеңіне мектебіміздің оқушылары Самал Нұрдана Еділқызы мен Келимбердина Гүлназ Нұрланқызы химия пәні бойынша қатыстырылды. Олимпиадаға қатысу барысында оқушыларға қосымша сабақ кестесі құрылып, оқушыларға дайындық жұмыстары жүргізілді. Жетекшісі тарапынан демалыс күндері де мектепке қосымша сабаққа шақырылды. Дайындық барысында оқушыларымыз облыстық кезеңге қатысып 9 класс оқушысы Самал Нұрдана Еділқызы әділ-қазы алқалардың шешімі бойынша жүлделі III орынға ие болды. 08 қаңтар күні жүлделі орынмен оралған Самал Нұрдана мен жетекшісі Ермағамбетов Еділ Самалұлыны мектеп әкімшілігі тарапынан Алғыс хат табысталып, оқушыға ата-анасының демеушілігімен сыйлық табысталды. Орын алған оқушымен жетекшіні құттықтаймыз!

https://www.instagram.com/reel/C108SHXIWkE/?utm_source=ig_web_copy_link

2023-2024 оқу жылының 9-11 класс оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық пәндік олимпиадасы «Дарынды, таланатты, өнерлі ұрпақ» атты салтанатты жиынмен қорытындыланды. Аталған іс-шараға облыстық мәслихат депутаты Н.Ж.Сарбасов, іскер әйелдер қауымдастығының төрайымы Н.Қ.Тажимаева, мектебіміздің ардагер ұстазы Н.Мухиева және дарынды оқушылардың ата-аналарымен жетекшілері қатыстырылды. Шара барысында мектеп директоры А.Ж.Достанова сөз сөйлеп облыстан жеңімпаз атанған химия пәнінен жүлделі 2 орынға ие болған 9 класс оқушысы Самал Нұрдана Еділқызын арнайы білім бөлімінің басшысы А.Қ.Бахраман атынан Алғыс хатпен жетекшісі химия пәнінің мұғалімі Е.С.Ермағамбетовке кәсіподақ төрайымы Ж.Жұмабаевадан арнайы ақшалай сыйлықпен марапатталды. Оқушылардың жақсы нәтиже көрсетіп жүлделі орынға ие болған оқушылармен пән мұғалімдері мектеп директоры атынан Алғыс хат табысталды. Дарынды оқушыларымыздың ата-аналарына арнайы алғыс ретінде Алғыс хат табысталды.

https://www.instagram.com/reel/C2unjXQoNTG/?utm_source=ig_web_copy_link

2024 жылдың 30 қаңтар мен 1 ақпан күндері аралығында облыстық кезеңінің жеңімпазы болып республикалық кезеңге жолдама алған 7 класс оқушысы Равкат Райхан Әділбекқызы 2-7 класс оқушыларының зерттеу жобалары мен шығармашылық «Зерде» конкурсының тарих, өлкетану секциясы бойынша «Ұлы Отан соғысының ардагері – Жәміл Сүлейменовтың соғыс жылдары кезінде бастан кешкен қиындықтары» тақырыбында өз жобасын қорғап сертификатқа ие болды. Жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Шаудыров Санибек Абсаматович.

<https://www.instagram.com/reel/Czvkr9I9Uo/?igsh=ZmtueThiM3NsZTdu>

https://www.instagram.com/reel/C21UxYFo5W8/?utm_source=ig_web_copy_link

2024 жылдың 22 ақпан күні аудандық Мағжан оқуларының «Өлең-менің Шолпаным» бағыты бойынша 8 класс оқушысы Утемисова Нұршат қатысып Мағжан Жұмабаевтың 16 өлеңін жатқа оқып, әділ-қазы алқаларының шешімі бойынша жүлделі III орынға ие болды. Жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Абильтаева Римма Сейдуллаевна.

2024 жылдың 1-2 ақпан күндері 5-6 класс оқушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадасының аудандық кезеңіне 5 класс оқушысы Жаңаберген Саят қазақстан тарихы пәні бойынша қатысып мақтау қағазына ие болды. Жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі А.А.Акмурзина

<https://www.instagram.com/reel/C29o1HKI->

13/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

2023 жылдың 13 наурыз күні жалпы білім беретін мектептердің 5-6 класс оқушылары арасында «Достық-2024» кешенді пәндік олимпиадасының аудандық кезеңіне 6 класс оқушысы Орман Арай Ержанқызы негізгі 4 пән математика, қазақстан тарихы, қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі пәндерінен қатысып жүлделі III орынға ие болды. Жетекшілері: К.Кабылбаева, Е.Мамбетияр, Г.Сайымбетова, А.Иманбаева.

Жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын ұлттық рухани құндылықтар негізінде тәрбиелеу, олардың шығармашылығын дамыту және қолдау мақсатында жалпы білім беретін мектептердің 7-11 класс оқушылары арасында республикалық М.Мақатаев оқуларының аудандық кезеңіне 7 класс оқушысы Равкат Райхан Әділбекқызы қатысып жүлделі III орынға ие болды.

2024 жылдың 05 сәуір күні 8-11 класс оқушылары арасында республикалық Мәшһүр – Жүсіп оқуларының аудандық кезеңіне «Білімді зерек адам болам! - десен, Қара өзінді басқанның айнасымен» эссе бағыты бойынша 8 класс оқушысы Хабибулла Ақерке қатысып жүлделі II орынға ие болды. Жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сайымбетова Гулнар Уалиевна.

Оқушылардың ғылыми жобаларға қатысу туралы мәлімет.

Кезең	Қатысушылар саны	Жүлделі орын	Пайызы
-------	------------------	--------------	--------

Аудандық	13	10	76,9 %
облыстық	3	2	66,6%
республикалық	1	1	100%

Оқушылардың шығармашылық байқаулар мен жарыстарға қатысуы туралы мәлімет.

Кезең	Қатысушылар саны	Жүлделі орын	пайызы
Аудандық	225	102	45%
облыстық	95	35	36,8 %
республикалық	-	-	

Оқушылардың пәндік олимпиадаларға қатысуы туралы мәлімет.

Кезең	Қатысушылар саны	Жүлделі орын	пайызы
Аудандық	23	8	34%
облыстық	2	1	50%
республикалық			

2024-2025 оқу жылы бойынша

Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша білім алушылардың жаратылыстану – математика бағыты бойынша және басым бөлігінің болашақ мамандықтарына дайындау мақсатында және сұраныстары негізінде таңдау пәндерінен білімдерін кеңейту үшін вариативтік компонент бөлігіндегі таңдау пәндері көлемінен **"Физика мамандықта" курсы** оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда практикалық дағдыларын дамыту мақсатында **«Математика-сырға толы әлем»** курстары оқытылып жатыр.

Жалпы табиғат заңдылықтары негізінде шарушалық салаларын ұтымды орналастыру , ондағы табиғи ортаны қалпына келтіру, өндіріс пен шаруашылықты тиімді ұйымдастыру жобаларын жасау болып табылады. Оқушылардың өз елінің шаруашылығы мен экономикасын одан әрі біле түсінуіне көмектесу мақсатында **«Елтану»** курсы, оқушылардың шығармашылық даралығы мен ерекше креативті ойлауы бар тұлғаны дамыту мақсатында **«Креативті ойлау»** курсы, Медицина мамандығын таңдап отырған биология, медицина салаларын және халықтық емдеу тәсілдері туралы түсінік беру, оқушылардың биологиялық білімдерін тереңдете отырып, оларды шығармашылықпен ойлауға, өз бетінше шешім қабылдауға үйрету мақсатында **"Биомедицина және адам денсаулығы" курсы**, аптасына бір сағат оқытылып жатыр.

Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер комбинациясы басшылыққа алынды, сонымен бірге білім алушылардың қажеттіліктерін, сұраныстарын және бейімділіктерін негізге ала отырып, таңдау бөлімінен бекітілген оқу комбинациясы бойынша **«Физика-алгебра-технология», «география-ағылшын-технология», «алгебра-география-қазақ тілі», «алгебра-география-технология», «Алгебра-география-биология», «Алгебра-география-ағылшын»,** пәндерін **аптасына 1 сағаттан** оқыту жүргізіліп отыр.

Бастауыш білім беру деңгейі бойынша таңдау пәндерінен білімдерін кеңейту үшін вариативтік компонент бөлігіндегі таңдау пәндері көлемінен 1 сыныптарда оқушылардың жазу дағдысын меңгеруіне көмек беру, жазу тілін, тіл және әдебиет туралы алғашқы мәліметтер беру. Баланы қарым-қатынас мәдениетіне үйрету мақсатында **«Көркем жазу»**,

2- сыныптарда оқушылардың жазу дағдысын меңгеруіне көмек беру, жазу тілін, тіл және әдебиет туралы алғашқы мәліметтер беру. Баланы қарым қатынас мәдениетіне үйрету. Оқушының әсемдік сезімін оята отырып, мінез-құлқын тәрбиелеп, ұқыптылық пен тазалыққа, жауапкершілікке баули отыра көркем жазуға үйрету мақсатында **«Көркем жазу»**, баланың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейімдеу құзыретті тұлғаның дамуына логикалық ойлауды қалыптастыру мақсатында **«Логика және математика»**, **3- сыныптарда** жеке тұлғаның таным белсенділігін арттыру, шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамыту; Коммуникативтік біліктілігі дамыған дара тұлға тәрбиелеу, рухани

адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру; Оқушылардың логикалық ойлау, қабылдау әрекеттерін, ойлау әрекеттерін жетілдіру; Оқушылардың математика пәніне, ауызша ойлау қабілетін арттырып, тез әрі оңай есептеу жолдарын үйрету мақсатында «**Ғажайып математика**», **4 - сыныптарда** Білім алушылардың жалпы білім беру бағдарламасындағы математика пәнін тереңдетіп оқыту мүмкіндігін туғызу. Жеке тұлғаның логикалық ойлау қабілетін дамыту арқылы математикалық білім негіздерін арттыру мақсатында "**Математика және логика**", «**Математика әлемі**» курстары аптасына **1 рет оқыту жүргізілуде.**

2024-2025 оқу жылында Оқу ағарту министрінің №514 бұйрығы негізінде жоспар құрылды. Жоспар бойынша қыркүйек айында дарынды оқушыларды анықтау мақсатында мектеп психологі Л.А.Саукебаева барлық класс оқушыларынан сауалнама жүргізді. Сауалнама А.И.Савенков «Дарындылық картасы» әдістемесі арқылы алынды. Нәтижесі күтілуде.

Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер

Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы №95 бұйрығы ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 наурызда №13420 болып тіркелді. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, өткізу тәртібін, сондай-ақ олардың қызметін курстан кейінгі сүйемелдеуді ұйымдастыру, өткізу тәртібін айқындайды. Курстарды өткізу аудиториялық және қашықтықтан оқыту нысандарында әртүрлі бағыттар мен модульдерді игеру арқылы, сондай-ақ оқытатын бейініне сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері үшін кәсіпорындар (ұйымдар) базасында бір рет немесе кезең-кезеңімен жүзеге асырылған.

2024-2025 оқу жылында Білім беру жүйесіндегі біліктілікті арттыру іс-шарасы аса қажетті үрдіс. Бұл кәсіби білім беру жүйесінде педагогтардың күрделі еңбек функцияларын атқаруға бағытталған әдет біліктілігін қалыптастыратын қосымша білім беру түрі. Біліктілікті арттыру мақсаты бұдан бұрын алынған кәсіби білімді тереңдету, мұғалімнің сапалық, іскерлік қасиеттерін жетілдіру және мұғалімнің шығармашылық бағытта өзін-өзі шыңдауына ықпал ету болатыны анық. Осы мақсатта Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар № 7 ЖББОМ КММ 2024-2025 оқу жылына жасалынған біліктілікті арттыру перспективтік жоспары жасалған. Жоспар негізінде соңғы 2021 жылы курстан өткен педагогтердің және 2024-2025 оқу жылында аттестацилаудан өткізілетін педагогтердің жоспар бойынша біліктілік арттыру курстарынан өткізілетіндігі ескертіліп «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтына сұраныс жасалып, педагогтер біліктілік арттыру курсынан өткізілген.

2024-2025 оқу жылы. Өзін-өзі бағалау нәтижесі бойынша біліктілікті арттыру курсынан өту кезінде мұғалімдердің аттестаттаудан өту мерзімдеріне, біліктілік арттыру курсының мерзіміне, сондай-ақ олардың жұмысының нәтижесіне назар аударылған.

2024-2025 оқу жылы. Ағымдағы оқу жылына арналған жоспарға сәйкес 39 педагог біліктілікті арттыру курсынан өткізілген. Мүмкіндігіне қарай барлық педагог біліктілік курсынан өткізіліп отыр.

Оқу жылы	Барлық педагогтер	Базалық курс	Инклюзив бойынша	Жаһ .күз ПИЗА	Қосымша курстар ТЖБ,БЖБ,т.б
2022-2023 о.ж	63	9	0	2	3
2023-2024 о.ж	63	15	0	5	2
2024-2025 о.ж	61	39	10	3	2

2022-2024 жылдар Соңғы үш жылда біліктілік арттыру курсынан өтпеген педагог саны – 4. Оның ішінде 2 педагог Каримбердиева А.А 2022 -2024 жыл аралығында декреттік демалыста болуына байланысты 2021 жылы оқыған базалық курсының уақыты жетіп отыр. Тасбулатова А.К 2024-2025 оқу жылы уақытша декреттік демалыстағы орынға қосылды. А.К.Тасбулатованың біліктілік артыру курсынан 2021 жылы өткен .

2 педагог-Құқық негіздері пәні бойынша біліктілік арттыру курсынан өтпеді. Алдағы уақытқа жоспар бойынша оқытуға сұраныс жасалып отыр.

2022-2023,2023-2024,2024-2025 оқу жылдарындағы басшы кадрлардың үш жылда бір рет біліктілік арттыру курсы бойынша.

Оқу	Мектеп	Директордың оқу	Директордың	Директордың	Директордың
-----	--------	-----------------	-------------	-------------	-------------

жылы	диреторы	ісі орынбасарлары	тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	оқу әдістемелік орынбасары	дарынды балалармен жұмыс орынбасары
2021-2022	Мектеп директоры Достанова Асель Жангелдиевна «НЗМ» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген Қ.Р-сының жалпы білім беру ұйымдары басшыларының біліктілік арттырудың білім беру бағдарламасы бойынша 640 академиялық сағат көлеміндегі курс			Мектеп әдіскері Жулаева Шатгуль Бахытовна НЗМ ПШО, «Білім берудегі менеджмент» білім беру ұйымдары басшыларының біліктілік арттыру бағдарламасы 80 сағат 12-24.02.2021ж A02c0f0e	
2022-2023	«Өрлеу»БАҰО АҚ «Жан басына қаржыландыруға өту жағдайындағы инновациялық менеджмент» 26.09-07.10.2022 жыл 80 сағат № 0534673				
2023-3024 оқу жылы	Мектеп директоры Достанова Асель Жангелдиевна «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы «Орта білім беру ұйымдарында кәмелетке толмаған балалар арасында суицидтің алдын алу» 63 сағат 21-24.11.2023ж №0037101	Оқу ісінің орынбасары Ильясова Асель Алиевна НИШ,ПШО « Деректерді талдау негізінде мектепті басқару» 80 сағат №041409	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Дүйсенғалиева Таңшолпан Құмарқызы «Өркен» балалардың әлауахатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» коммерциялық емес АҚ «Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын қамтамасыз ету» 40 сағат 01.-05.04.2024ж №0041260		Директордың дарынды балалармен жұмыс орынбасары Қаржаубай Мөлдір Серікқызы «Өрлеу» БАҰО АҚ «Эмоционалдық интелект-педагогтің кәсіби міндеттерін шешу құралы» 80 сағат 15-26.04.2024 ж №0756002

3. Білім алушылар контингенті Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтер;

№	контингенттің құрылымы	2022-2023		2023-2024		2024-2025	
		жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны
		24	433	24	426	24	414

Мектепке қабылданатын білім алушылар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» негізінде жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен (02.11.2018ж №611өзгерісімен) бекітілген білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартына сәйкес білім беру қызметтерін көрсету үшін білім алушылардың ата-аналарымен немесе өзге де заңды өкілдерімен шарт жасалып отырған.

«Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ» КММ-ніне қабылданатын оқушылардың ата-аналарын, оқушыларды ішкі тәртіп ережесімен, Жарғысымен және білім беру процесін ұйымдастыруды регламенттейтін құжаттармен таныстырылып отырған. Медициналық картасы талап етіліп, алфавиттік кітапқа тіркелгендігі туралы нөмірлері уақытылы берілген.

Деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті туралы мәліметтерге тоқталсақ мектепке ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушы бастауыш сыныптарда, негізгі орта білім беру сыныптарында және жалпы орта білім беретін сыныптарында 2022-2023 оқу жылында 4 білім алушы, денсаулығына байланысты үйден тегін оқытылатын білім алушы – 2, 2023-2024 оқу жылында 5 білім алушы және денсаулығына байланысты үйден тегін оқытылатын 4 білім алушы тіркелген, 2024-2025 оқу жылында 6 білім алушы және денсаулығына байланысты үйден тегін оқытылатын 2 білім алушы тіркелген.

ПМПК қорытындысының нәтижесінде білім алушыларға берілген ұсыныстар негізінде білім алған. Білім алушыларға уақытылы жағдай жасалған. Үйден оқитын оқушыларға бұйрықпен бекітілген мұғалімдер тағайындалған. Ата-аналарымен келісілген сабақ кестелері бар.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-76 бұйрығының 5-тарау 70- тармағының сәйкес жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толтырылуы туралы 2-қосымшасында сыныптағы балалар саны -сынып жинақтау тәртібінің сақталуы, сынып толымдылығы нормаларының сақталуы Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ 2022-2023 оқу жылында мектепте 1-11 кластар бойынша 24 класс жиынтығында 433 білім алушы оқыған. 2023-2024 оқу жылында 1-11 кластарда 24 класс жиынтығында 426 білім алушы оқыған. 2024-2025 оқу жылында 24 класс комплектіде 414 білім алушылар контингентін құрады.

Мектепке қабылдау және мектептен мектепке ауысу үдерісі «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ КММ бойынша
2022-2025 оқу жылындағы контингент қозғалысы

Оқу жылдары	Барлығы	1-4 сыныптар	5-9 сыныптар	10-11 сыныптар	Оқушы саны
-------------	---------	--------------	--------------	----------------	------------

бойынша	келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті	келді	кетті	
2022-2023	18	28	8	8	8	18	2	2	433
2023-2024	24	30	14	14	9	16	0	0	426
2024-2025 (қыркүйек)	8	23	1	11	6	12	1	0	414

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге қарағанда оқуға келген және кеткен білім алушылар саны арасындағы динамикалық тепе-теңдік сақталмайды. Білім алушылардың мектептен кетуінің негізгі себептерінің бірі тұрғылықты жерін ауыстыру болып қала береді.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар: -білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының болуы және оларға сәйкестігі;

Зерделеу барысында:

2022 - 2023 оқу жылында «Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ» КММ контингент 1-11 сыныпта 24 класс жиынтығында – 433 оқушыға білім берілген.

2022-2023 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығы 1-4 кластар үшін 1-қосымша, 5-9 кластар үшін 6- қосымша, 10-11кластар үшін 38-39-қосымшалар педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып оқу жұмыс жоспары жасалған. 2022-2023 оқу жылында 1-11 сыныптардың барлығы жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алды. 10 -11 сынып оқушыларының және ата-аналарының өтініштері арқылы жаратылыстану-математикалық және қоғамдық гуманитарлық бағыттарда оқытылған.

2022-2023 оқу жылында бастауыш білім беруге **217** сағат, негізгі орта білім беруге **341,5** сағат, жалпы орта білім беруге **138** сағат, барлығы **696,5** апталық жүктеме беріліп, бекітілген.

Сабақ кестесі: 2022-2023 оқу жылына сабақ кестесін құруда «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығыбасшылыққа алынып жасалған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «kyndelik kz» пайдалану арқылы жасалған. Мектептегі факультативтік сабақтар сабақ кестесіне кіріктірілген.

2023-2024 оқу жылында ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына (ҚР ОА министрінің 2022 жылғы 30.09 №412, 2023 ж 18.08 №264, 2022 ж, 12.08 №365 бұйрығы) енгізілген өзгертулермен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. 1-4 кластар үшін 2023 ж 18.08 №264 1-қосымша, 5-9 кластар үшін 12.08 №365 бұйрық 6- қосымша, 10-11кластар үшін 2022 жылғы 30.09 №412 бұйрық 85-86-қосымшалар педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып оқу жұмыс жоспары жасалған. 2022-2023 оқу жылында 1-11 сыныптардың барлығы жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алды 1-11-сыныптарға арналған оқу жұмыс жоспарларында оқу пәндері мен сағат сандары үлгілік оқу жоспары бойынша құрылған. Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес оқу жұмыс жоспарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлері бойынша апталық жүктеме білім беру салалары бойынша пәндермен сәйкес берілген. Оқу пәндерінің (сабақ) тізбесі апта бойынша жұмыс оқу жоспарына сәйкес регламенттеліп, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндері мен білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындаған құрамдас компонент жұмыс оқу жоспарында бекітілген. 10 -11 сынып оқушылары мен ата-аналарының өтініштері бойынша

жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылған. 2023-2024 оқу жылында бастауыш білім беруге 217 сағат, негізгі орта білім беруге 342,5сағат, жалпы орта білім беруге 138 сағат, барлығы 697,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген.

Сабақ кестесі:Сабақ кестесін құруда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидалары» санитариялық қағидаларының талаптары басшылыққа алынған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының апталық нормалары сақталған, сабақ кестесі электронды «Білім класс» пайдалану арқылы жасалған. Сабақ кестесіндегі пәндер атауы оқу жоспарындағы білім салалары және оқу пәндері атауына сәйкес келеді, ауытқушылық жоқ.

2024 - 2025 оқу жылында «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР МП 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы(ҚР Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023 ж. № 323 және 08.02.2024 ж. № 27 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 6,16- қосымшалары), (21,85-қосымша-оқытудың қоғамдық-гуманитарлық бағыты; 22,86-қосымша-оқытудың жаратылыстану-математикалық бағыты) . 1-4 кластар үшін 2024 ж 08.02 №27 6-қосымша, 5-9 кластар үшін 2023 жылғы 26.10 №323 бұйрық 16- қосымша, 10 кластар үшін 2023 жылғы 26.10 №323 бұйрық 21-22-қосымшалар ,11 кластар үшін 26.10 №323 бұйрық 86-86- қосымшалар педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен шешім қабылданып оқу жұмыс жоспары жасалған. 2022-2023 оқу жылында1-10сыныптардың барлығы төмендетілген білім мазмұны бойынша, 11 кластар жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алуда.

2024-2025 оқу жылында бастауыш білім беруге 191 сағат, негізгі орта білім беруге 374,5сағат, жалпы орта білім беруге 136 сағат, барлығы 701,5 апталық жүктеме беріліп, бекітілген. Сабақ кестесі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша берілген пәндер кестеде қамтылған. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесінде 701,5 апталық жүктеме қамтылған. Оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген.

Жалпы қорытынды: Жалпы 2022-2023, 2023-2024,2024-2025жж аралығында 3 жылдық оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары жыл сайын педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен қамқоршылық кеңестің келісімімен бекітіліп отырған.

Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «Күнделік.кз», «Білім класс» платформаларын пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Мектептің сабақ кестесі міндетті және факультативтік сабақтар үшін жеке жасалған. Факультативтік сабақтар міндетті сабақтардың барынша аз саны бар күндері жоспарланған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған.

жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2022-2023 оқу жылында«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы .

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 5 мамырдағы №199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары («Цифрлық сауаттылық» пәні бойынша 2019 жылғы 26

шілдедегі №334 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) негізінде жүзеге асырылған.

Әліппе ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №123 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Әліппе оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы»

5-9 сыныптарда білім беру процесі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 ж 03,04 №115 бұйрығына 2019ж26.06 №334,2019 ж 07.03 №105 2020 ж 27.11 №496 бұйрық (өзгерістермен және толықтыруларымен)

10-11 сыныптарда білім беру процесі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 ж 03,04 №115 бұйрығына 2019ж26.06 №334,2019 ж 07.03 №105 2020 ж 27.11 №496 бұйрық (өзгерістермен және толықтыруларымен)

2023-2024 оқу жылында 1-11 сыныптарда Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, 23.09.2022 ж №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен және «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж №399 бұйрығы 21.11.2022 ж №467, 05.07.2023 ж. №199 бұйрығымен енгізілген өзгерістер

басшылыққа алынды.

Бастауыш білім беру деңгейі бойынша "Әліппе" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №123 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім беру деңгейінің 1- сыныбына арналған "Әліппе" оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы," Цифрлық сауаттылық" пәні Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі №334 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы басышылыққа алынды.

Мектеп бес күндік жұмыс аптасында екі ауысымда жұмыс жасаған. Оқу үдерісі білімнің үш деңгейіндегі жалпы білім беру бағдарламаларының деңгейіне сәйкес жүзеге асырылған.

Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған. Мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптары сақталған. Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз стілеген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген.

2023-2024 оқу жылында 1-11 сыныптардың білім алушылары жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытылған. Пәндер бойынша оқу бағдарламасының орындалуына бақылау бойынша мектепшілік бақылау жүргізілген. Бақылау мақсатына сәйкес білім беру және оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың орындалуын, мұғалімнің күнтізбелік-тақырыптық жоспары мен күнделікті сабақ жоспары сәйкестігі тексеріліп, сынып журналына түсірілуін, сағат санының дұрыс болуы зерделенген. Бақылау барысында сабақтары талданған, сабақ берудегі артықшылықтары мен кемшіліктері директор жанындағы және әдістемелік кеңесте айтылған. айтылған.

Мұғалімдердің мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасын күнтізбелік-тақырыптық, сабақ жоспарын, «Білім класс»журналын тексергенде, нормативтен

ауытқушылық болмағаны анықталды. Оқу бағдарламасы нормаға сәйкес орындалған. «Білім класс» журналында тақырыптар жазылған, бағалары қойылған, үй тапсырмалары берілген. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық класта нақты сақталған.

2024-2025 оқу жылы бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы, 23.09.2022 ж №406 бұйрығы, «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы 1-11 сыныптардың оқу процесін ұйымдастыруда басшылыққа алынған.

Өзін-өзі бағалау барысында жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары «Білім класс» платформасында толтырылуы сәйкестендіріле отырып тексерілді. Оқу үдерісін ұйымдастыру оқу жоспары және сабақ кестесімен реттелген.

Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалған Инвариантты және вариативтік оқу, таңдауы бойынша, белсенді – қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар, барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз стілеген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік – тақырыптық жоспарлауды дайындаған. Ол сабақтардың күндерін, сабақ тақырыптарын, тақырыпқа сәйкес сағаттарының саны белгіленген. Оқу жоспарының инвариантты бөлімінен сағат саны Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сай бөлініп, оқытылған барлық сағаттар «Білім класта» толтырылған.

-білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығының 2-3-4-қосымшалары Жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған. 2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы мектеп директорының 2021 жылдың 31 тамызында, 2022 жылдың 7 қыркүйегіндегі № 112 -н/к бұйрығы, 2023–2024 оқу жылында мектеп директорының 2023 жылдың 31 тамыздағы №134 бұйрығы негізінде тәрбие жұмысы ұйымдастырылған. 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы №252 бұйрығымен бекітілген Ақтөбе облысының білім басқармасының 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың іс-шаралар жоспары, ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері мен Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесін дамытуды негізге ала отырып тәрбие жұмысы жоспарланған.

2023 – 2024 оқу жылында Оқу ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйек №294 бұйрығы негізінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» іске асыру кешенді жоспары енгізілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

2024-2025 оқу жылында Оқу ағарту министрлігінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығы

негізінде, Мұғалжар аудандық білім бөлімінің 2024 жылғы №1-620 бұйрығы негізінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» іске асыру кешенді жоспары енгізілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері: 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже: 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы: - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі: - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы: - Академиялық адалдыққағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі: - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы: - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командамен жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орнату білу; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі: - Жан мен тән тазалығын сақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайды; Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

2024-2025 оқу жылы төмендегі жобалар іске асырылады:

«Қамқор жобасы»

«Смарт бала»

«Еңбегі адал жас өрен»

«Ұшқыр ой алаңы»

«Шабыт жобасы»

«Балалар кітапханасы»

«Ата – аналар мектебі»

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани адамгершілік пен дене дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық тәсілдер мен құндылықтарға негізделіп жүзеге асырылған. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілген. Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жоспарланған іс шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталған. 7_shkola_emba инстаграм желісіне жарияланған. Тәрбие бағыты бойынша кездесулер, семинар, «ашық есік» күндері, дөңгелек үстелдер өткізілген. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталған. Ата-аналармен қоғамдастық байланысты жандандыру, алқалы басқару жүйесін жетілдіру негізінде ата-аналар кеңесі құрылып, отбасылық құндылықтарды қалыптастыру және бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру мақсатында «Ұлағат» әкелер мектебі, «Парасат» аналар мектебі құрылып, жүйелі жұмыстар жүргізілген. Сонымен қатар «Семсер» ер балалар клубы, «Инабат» қыз балалар клубы, рухани адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасын қалыптастыру бағдарламасымен бекітілген моделді іс-шаралар жоспарына сәйкес «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы жұмыс жасайды. Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, хаттамалары жинақталған, жүйелі жұмыстар жүргізілген. 2023 жылдың 28 ақпан күні Мұғалжар аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББОМ "Оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін қалыптастырудағы сынып жетекшінің рөлі" тақырыбында аудандық семинар өтті. Семинарға ауданымыздың мектептерінің сынып жетекшілері қатысты. Семинардың жоспарына сәйкес мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Ильсова семинар тақырыбына сай бейне баяндама көрсетіп, "Сынып жетекшілердің жаңашылдық, шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары" тақырыбында коучинг, "Сыныптағы ерекше білім беретін балалармен жұмыс" тақырыбында әдістемелік көмек, "Сынып ұжымын ұйымдастырудағы сынып жетекшінің шеберлігі" тақырыбында Teambuilding әдісімен әдіс -тәсілдер, "Заманауи сынып жетекшінің моделі" тақырыбында Ted X форматында ашық алаң өткізілді. Сонымен қатар "Жас актерлар" үйірмесінің ашылуы өткізіліп, үйірменің алғашқы түсірілімі "Танчо апай" тақырыбындағы киноның тұсаукесері көрсетілді. Мұғалжар аудандық білім бөлімінің әдіскері Жарылқасын Гүлшат Нұрланқызы семинар барысында өз тәжірибесімен бөліскен ұстаздар қауымы алғыс білдіріп, білім бөлімінің Алғыс хатымен марапаттады.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» № 591 Заңы (өзгерісі 01.04.2019ж. № 240-VI) негізге ала отырып, 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік алдын алу кеңесі құрылып, жергілікті полиция бөлімімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, отырыс хаттамалары жинақталған. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік тәртіп сақшылар тобы құрылған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» № 18 бұйрығы негізінде оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша сынып жетекшісіне жүктелген функцияларды айқындау мақсатында 2022-2023 оқу жылы бойынша -24 сынып жетекші тағайындалған. 2022 жылдың 31 тамызында мектеп директорының №106 бұйрығына сәйкес сыныптарғы тәрбие жұмысын жүзеге асыру үшін 24 сынып жетекшілер мен бірлестік жетекшісі болып Куанышева Жулдыз Зинединовна тағайындалған. 2023 жылдың 31 тамызында мектеп директорының «Сынып жетекшілерді бекіту туралы» № 120 бұйрығы негізінде класс жетекшілер және бірлестік жетекшісі болып Тиналина Гульзира Саясатовна тағайындалған. 2024-2025 оқу

жылы бойынша 24 сынып жетекші тағайындалған. 2024 жылдың 28 тамыздағы №102 бұйрығы негізінде сынып жетекшілердің бірлестік жетекшісі болып А.Б.Буташева тағайындалған. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша бірлестіктің жұмыс жоспарлары құрылып, ай сайын бірлестік отырысы өткізіліп, хаттамалары жинақталған. 2023 жылдың 18 қыркүйек айында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» сынып жетекшілерге түсіндіру мақсатында мектепшілік және аудандық семинарлар өткізілді.

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

Жылдар	Сынып жетекшілер	Жоғары білімді	Арнаулы орта
2022-2023 оқу жылы	24	20	4
2023-2024 оқу жылы	24	21	3
2024-2025 оқу жылы	24	20	4

Сынып жетекшілердің біліктілік санаты

Жылдар	Модератор	Сарапшы	Зерттеуші	Шебер	Жоғары, I, II санатты	педагог
2022-2023	5	10	6	-	-	3
2023-2024	9	7	7	-	-	1
2024-2025	11	4	7	-	-	2

білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

2024-2025 оқу жылында 29 тамыздағы №117 бұйрығымен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы, жылдық жоспары мектеп директорының бұйрығымен бекітілді. Жыл басында 6 жоба мен ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығына жетекші мамандар бекітілді. Жылдық жоспарлары бекітіліп, жоспар бойынша іс – шаралар өткізілуде.

«Балалар және театр» жобасы аясында **2022-2023 оқу жылында** «Жеті қазына» үйірмесі құрылып, барлығы 34 сағатқа жұмыс жоспары құрылған. Үйірме жұмысында өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында көркем-эстетикалық тәрбие саласында отандық мәдени жетістіктерді – кітаптарды, пьесаларды, мүсіндерді, картиналарды, Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін – ертегілерді, аңыздарды, эпостарды, аңыздарды оқыту және ілгері дамыту жүргізілген. Театр үйірмесінің жетекшісі Балымбетов Абылай. Үйірме уақытылы жүріп отырды. «Тәуелсіздікке тарту» мәнерлеп оқу байқауы, «Патшалықтағы Өз Наурыз» сахналық қойылым, «Желтоқсан жаңғырығы» сахналық қойылым, «Тәуелсіздік – асыл тәжіміз» сурет байқауы, «Мектеп маған несімен қымбат?» эссе байқауы, «Көшеде өмір сүру тәртібі» рөлдік ойын, «Мен өлкеммен мақтанымын» мұражайға саяхат, «Театр балалар көзімен» эссе байқауы, «Аяз би» сахналық көрініс, «Театрдың ғажайып әлемі» сурет байқауы сынды тақырыптармен үздіксіз жұмыс жасап отырды.

2023-2024 оқу жылында «Тұмар» театр жобасы құрылып, жетекшісі Ө.Утегулова тағайындалды. «Театр әлеміне саяхат» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылды. «Өлмейтұғын артында сөз қалдырған» тақырыбында поэзия кешінде Рамазан Айли 2 орын алды, «Қасиетті Қорқыт баба» сахналық қойылымы қойылды, «Театр – мәдениет майданы» театр күніне орай сахналық қойылым қойылып, клуб құрамындағы оқушыларға алғыс хат табысталды. «Наурыз кеші» сахналық қойылымы қойылып, көнерген салт дәстүрден көрініс көрсетілді. «Желтоқсан – азат рухтың жаңғырығы» тақырыбында сахналық көрініс көрсетілді.

«Ұшқыр ой алаңы» жобасы зияткерлік тәрбие бағыты бойынша жүзеге асырылған. Мектепте "ЭЛИТА" дебат клубы құрылып, аудандық, облыстық сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие

болған. Жетекшісі А.Ж.Умарова. «Элита» дебат клубының жұмыс жоспары бекітіліп уақытылы іс шара өткізіліп, аудандық, облыстық сайыстарға қатысып жүлдемен оралды. Клубқа 7-10 сынып оқушылары қатысты. «Тәуелсіздік тірегі жастар» пікір сайысына қатысып Панашева Самал «Алғыс хатпен», «Сөндіру өнері» облыстық семинарға қатысып А.Ж.Умарова қатысты. «ҚР Тұңғыш Президенті күні және ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына» орай ұйымдастырылған аудандық пікір сайыста Дайрова Асем, Смағұл Нұрбибі «Алғыс хат», аудандық ZOOM платформасында ұйымдастырлығын «Ұшқыр ой» пікір сайысында Хайрулла Гаухар мен Қонысова Мөлдір «Алғыс хат», «Батырлар жанымызда» пікір сайысы 3 орынмен марапатталды.

2022-2023 оқу жылында «Talrun liga» пікір сайысында «ВЕТА» тобы мектебіміздің оқушылары 3 орын, «Жас жаңғырық» жастар ұйымының пікір сайысында Акмурзаева Аяулым 2 орын, «Ел болашағы жастардың қолында» пікір сайысы мектеп командасы 3 орын марапатталды. «Кімге алғыс айтар едің?», «Қазақстан – бірлік пен татулықтың ордасы» пікір сайысына қатысып алғыс хатпен, «Талпын» жобасы «Бірге бір» сайысында Акмурзаева Аяулым «Үздік спикер» марапатын алды.

2023-2024 оқу жылында «Элита» дебат клубының жетекшісі болып А.В.Иманбаева тағайындалды. Жылдық жоспар құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Жоспар бойынша іс шаралар уақытылы өтіп отырды. Клубта 25 оқушы болды. «Жемқорлық – індет, жою - міндет» пікір сайыс өтті. «Мен елімнің азаматымын» пікір сайысында С.Панашева үздік спикер, «Жаңа Қазақстан – Екінші Республика! Жастар жарқын өмірді қалайды» аудандық дебатында Акмурзаева А мен Утемисова Н 3 орын алды. Мектепшілік «Жастар қоғам тірегі», «Қазақ тілінің мәртебесін көтерудегі басты қиындық әлеуметтік желілер ме?», «Қауіпсіз интернет бала көзімен», «Сенің құқығың мен міндеттерің», «Сыбайлас жемқорлық» сынды бірнеше пікір сайыстар өтті.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББО мектебінде «Оқуға құштар мектеп» оқу алаңы, буккросинг-кітап алмасу, білім алушылардың демалыс қарым-қатынас шығармашылық ортасы коворкинг жұмыс жасайды. **2022-2023 оқу жылы бойынша «Оқуға құштар» мектеп жобасы бойынша іс-шараларға ата-аналар аз қатыстырылған.** 2022-2023 оқу жылында Республика күніне орай «Қазақстан елім байтақ» тақырыбында көрнекілік өткізілді. Көрмеге 2 «ә» сынып оқушылары қатысып үздік оқырман класс, үздік оқырман ата-аналар Алғыс хаттармен марапатталған. Мектебіміздің жанынан құрылған интернат оқушылары кітапханаға саяхат жасады. Көрмеге барлық оқушылар қатысты. Қарттар күніне орай «Қарты бардың қазынасы бар» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге бастауыш сыныптары қатысып мақтау қағаздарымен марапатталды.

2022-2023 оқу жылында «Отбасы – мектеп» жобасы бойынша тамыз айында «Жаңа оқу жылында балаларды оқыту туралы», қыркүйек айында «Кезекші сыныптардағы оқу процесінің ұйымдастырылуы, қашықтықтан оқыту процесінің жүргізілу жағдайы туралы», «Қашықтан оқыту форматында балаларды оқытудың ерекшеліктері туралы ата-аналарды (заңды өкілдерді) ақпараттандыру», қараша айында І тоқсан қорытындысы, желтоқсан айында ІІ тоқсан қорытындысы, наурыз айында «Қашықтан оқыту процесіндегі бақылаудың психологиялық, педагогикалық мәні — оқушыларға дер кезінде көмек көрсету», Отбасы күніне арналған «Ұлағатты отбасы – елдің тірегі» атты апталық болып, «Оқу жылының қорытындысы туралы» жалпы ата-аналар жиналыстары өткізілген. **2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары «Отбасы – мектеп» жобасы** бойынша «Отбасы-бақыт мекені» апталығы, «Ата-анаңа қоңырау шал» тақырыбында челленджи, «Менің отбасым», «Мен отбасыммен мақтанамын» тақырыбында оқушылар өз ата-аналарымен «Бірге кітап оқимыз» атты тақырыпта видео ролик түсіріліп жолданды. Үзілісті тиімді пайдалану мақсатында, бастауыш оқушыларын үзіліс кезінде «Көңілді үзілісте кітап оқы!» тақырыбында кітап оқып, оқыған ертегілерінің мазмұнымен бөлісті. 1-4 оқушылары арасында көктемгі демалыс уақытында кітап оқуға баулу, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында оқушыларымызбен «Кітаппен өткізген көктемгі демалыс қызықты» кітап оқу шаралары өткізілді. «Кітапханаға бір күндік көмек» тақырыбында 10 сынып оқушылары 1 күндік көмек көрсетті. Оларды кітапханаға волонтер ретінде кітапханашыларға өз беттерімен келіп көмектесуі- олардың мектебіне деген сүйіспеншілігі. Оқушылардың бұндай көмегіне кітапханашы өз алғысын айтып, өмірлеріне сәттілік және оқуларына табыс тіледі.

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы бағдарламасындағы 9-11 сынып арасында өткізілген аудандық тоғызқұмалақ жарысында №7 ЖББОМ-нің командасы жүлделі ІІ орынға ие болды. 23-24.01.2024 жыл мектеп оқушыларының «Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасындағы 7-8 сынып арасында өткізілген аудандық тоғызқұмалақ жарысында №7 ЖББОМ-нің командасы жүлделі І орынға ие болды. Облыстық кезеңге жолдама алды. 26-29.04.2024 жыл мектеп оқушыларының «Ұлттық

мектеп лигасы» бағдарламасындағы 7-8 сынып арасында өткізілген аудандық футбол (қыз балалар) жарысында №7 ЖББОМ-нің командасы жүлделі ІІ орынға ие болды. 27-28.03.2024 жыл мектеп оқушыларының «Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасындағы 5-6 сынып арасында өткізілген аудандық тоғызқұмалақ жарысында №7 ЖББОМ-нің командасы жүлделі І орынға ие болды. Облыстық кезеңге жолдама алды.

Ембі қаласының мектеп жанындағы интернаты бар №7 ЖББО мектебінде «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігі негізінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында «Жас Ұлан» ұйымы құрылып, 2022-2023 оқу жылында - 103 , 2023-2024 оқу жылында –99, 2024-2025 оқу жылында - 103 білім алушылар «Жас Ұлан» қатарында. Мектебімізде балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысын ұйымдастырушы жетекші ретінде 2022-2023 оқу жылы аға тәлімгер Б.Б.Әлниязова, 2023-2024 оқу жылынан бастап аға тәлімгер болып А.Е.Тажимаева тағайындалған. «Жас ұлан» ұйымының жұмыс жоспары бекітіліп, жүргізілген жұмыстарының ақпараттары жинақталып, инстаграм желісіне жарияланған. Жас Ұлан ұйымының апталық, айлық , жылдық жоспарларың,ұйымның жұмысына арналған папкалар, хаттама журналы бар. 2022-2023 оқу жылында кеңес жеті бағыт бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіп , «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының стендісі, Гимні бар. 2022-2023 оқу жылында мектеп жанынан құрылған «Қоғамға қызмет» еріктілер клубы аудандық білім бөлімі ұйымдастырған"Біз бақытты елдің балаларымыз" фестиваліндегі "Жақсылық жасап жарысайық" челленджіне қатысып, Бас жүлдеге ие болды.

"Жас ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы

Жылдар	Жас қыран	Жас Ұлан
2022-2023 оқу жылы	40	63
2023-2024 оқу жылы	-	99
2024-2025 оқу жылы	-	103

«Мектептің өзін-өзі басқаруы» - жобасы бойынша «Мектеп парламенті» білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналған. 2023-2024 оқу жылында өзін-өзі басқару ұйымының жылдық жоспары құрылып, сол жоспарға сәйкес жұмыстар белсенді түрде жүргізілді. Мектебімізде 1 қазан – Халықаралық қарттар күні жыл сайын барлық ардагер ұстаздарымызды мерекелік шараға шақырып, құрмет көрсетіледі. Ардагер ұстаздарымыздың ғұмыр бойы істеген еңбектеріне, әрі оқушыларға білім нәрін сусындатып, оларды тәрбиелеуде қосқан зор үлестеріне сай сый – құрмет көрсетілді. Сонымен қатар 5 қазан –Ұстаздар күніне орай өзін-өзі ұйымдастыру жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні» өткізілді.

5 қазан – Ұстаздар күні мерекесі қарсаңында мектебімізде «Ұстаз – ұлық емес, ұлы есім» атты мерекелік шара өткізілді. Мерекелік шарада мектеп мұғалімдері, тәрбиешілер және кіші қызметкерлер мектеп директорының Алғыс хатымен марапатталды. Мерекелік концертте оқушылар ән айтып, би билеп, көріністер қойып, мұғалімдер арасында көңілді ойындар ойната білді.

Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жан-жақты жүргізу, қоғамдағы балалар ұйымының рөлін арттыру, мектептегі оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасты нығайту мақсатында мектебімізде сайлау өткізілді. Мектеп ұланбасы болуға 9-10 сынып оқушылары ішінен 4 оқушы өз өтініштерін тапсырды, өтініштері қанағаттандырылып, бағдарламалары әзірленді. Олар: Утемисова Сабина -9 «А»сынып, Жылкешев Данияр - 9 «Б»сынып, Абдығалимов Алихан - 10«А»сынып, Келимбердина Гүлназ - 10«Б»сынып оқушылары.Сайлау мектеп мұғалімдерімен қатар 5-11 сынып оқушыларының қатысуымен таңғы 9.00 –ден 16.00-ге дейін жабық дауыс беру түрде өтті. Сайлау комиссиясы 4 адамнан құралды. Олар мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - Д.Қ.Дүйсенғалиева, мектеп психологі –Л.А.Саукебаева, ҚББП – М.С. Қаржаубай, тәлімгер – А.Е.Тажимаева және хатшы - А.С.Қалиева. Сайлау нәтижесі бойынша Мектептің Ұланбасы болып

48 дауыс жинап Келимбердина Гүлназ тағайындалды.

25 қазан – Республика күніне орай мектебіміздің өзін-өзі басқару және «Қоғамға қызмет» еріктілері «Жанашыр жүрек» акциясын ұйымдастырды. Оқушылар жалғыз басты қарт әженің үйіне барып, тазалық жұмыстарын жүргізді. Ауласын сыпырып, қоқыстарды жинап, есік алдын жинастырды. Қарт әже оқушыларға батасын беріп, алғысын айтты. Оқушылар сауапты іске ат салысып, үлкеннің батасын алды.

